

Жаңақазан ауылдық округі Жуалыой, Әйіпсай елді-мекендеріне көше атауларын беру туралы

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Жаңақазан ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 9 қарашадағы N 10 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 14 желтоқсанда N 7-5-103 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы" Заңдарын басшылыққа алып, Жаңақазан ауылдық округі Жуалыой елді-мекенінің тұрғындарының 2009 жылдың 27 қазандағы N 1, Әйіпсай елді мекенінің тұрғындарының 2009 жылдың 28 қазандағы N 2 жиналыстарының және 2009 жылдың 29 қазандағы Жаңақала аудандық ономастикалық комиссиясының отырысының N 2

хаттамаларына қарап **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Жаңақазан ауылдық округі Жуалыой елді-мекені бойынша мектеп орналасқан көшеге Файзолла Қошқарбаевтің, екінші ортадағы көшеге Бақыт Шернияздің, ауыл шетіндегі көшеге Жуалыой атаулары берілсін.
2. Жаңақазан ауылдық округі Әйіпсай елді-мекені көшесіне Әйіпсай атауы берілсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылауға алуды өзіме қалдырамын.

Жаңақазан ауылдық округінің әкімі *Ғ. Мирманов*